




Ақтөбе қаласы «№46 орта мектебі»КММ

*«Әкем, анам және мен»
спорттық эстафеталық
сайыс*

Өткізген: Кемалова Б.С.

Барсаева А.Б.

Халел Л.А.

Ақтөбе -2024 жыл

«Әкем, анам және мен»

Мақсаты: Балалардың спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылығын арттыру, достыққа баулу. Ата – аналардың мектеппен тығыз байланысын дұрыс жолға қою және ойындарға ата – аналар белсене қатысып нәтижелі болғандығына көз жеткізу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата – аналар, ұстаздар және оқушылар.

«Әкем, анам және мен» атты жанұялық спорттық сайысқа қош келдіңіздер!

Денсаулық бар байлығын бойындағы

Жайнаған өміріңнің жолын бағы

Қастерлеп мәпелеп аяласақ,

Бойыңнан кетпес қуат жасыңдағы – дей келе сайысқа қатысушы топтарды ортамызға шақырайық.

1. отбасы
2. отбасы
3. отбасы

Қошеметпен қарсы алыңыздар.

Ойынды бастамас бұрын әрбір жанұяға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

- 1.
- 2.
- 3.

Сайыс 6 кезеңнен тұрады.

1. Қай топтың шанасы алда
2. Қар жинау ойыны.
3. Шанамен кедергілерден өту
4. Хоккейшілер
5. Қар лақтыру мерген
6. Ақкала құрастыру..

1. Қай топтың шанасы алда.

Шарты: Ата – аналар өз балаларын шанаға мінгізіп тура жүріп, межеден айналып орнына келу.

2. Қар жинау ойыны.

Шарты: Жерде жатқан қарды отбасы болып кедергілер арасынан жүріп шелекке толтыру.

3. Шанамен кедергілерден өту

Шарты: Ата – аналар өз балаларын шанаға мінгізіп кедергілерден өтіп, межеден айналып орнына келу.

4. Хоккейшілер

Ойыншылар кезек-кезек хоккей таяқшасымен шайбомен белгіленген орынға барып келеді. Келесі ойыншы жалғастырады. Қай топ бірінші келеді, сол топ жеңіске жетеді.

5. Қар лақтыру Мergen.

Оқушы белгіленген мәреде себетті алып тұрады. Қалған қатысушылар себетке қар лақтырып салуы керек. Қай топта салынған қар көп болса. Сол топ жеңіске жетеді. 1 мин уақыт беріледі.

6. «Аққала құрастыру»

Әр топтан ойыншылары шығып, қардан домалатып аққала жасайды.. Қай топ алғашқы болып бітірсе, сол топ көп ұпайға ие болады.

Бүгінгі сайысқа қатысушы ата – аналар сіздерге көптен көп рахмет. Сіздер мықты отбасы екендеріңізді дәлелдедіңіздер.

Әділ баға беретін әділ қазы алқаларына сөз кезегін береміз.

Бүгін міне оң болып әр ісіміз.

Жоғары боп күш – жігер, намысымыз

Осылайша қуанышпен думандатып

Аяқталды халайық жарысымыз.



